

Түркістан облысы

Келес ауданы

№ 27 Н. Тілендиев атындағы жалпы орта мектеп

«Бекітемін»:

Мектеп директоры

Ш. Мамашова

« 29 » 09 2022 ж.

2022 - 2023 оқу жылына арналған

Педагог-ұйымдастырушының жылдық жұмыс жоспары

Жаңаконьес ауылы

2022-2023 ж.

МЕКТЕП ӘКІМШІЛІГІНІҢ ЛАУАЗЫМДЫҚ МІНДЕТТЕР

Ұйымдастырушы педагогы Ұ. Сарсенбаевның лауазымдық міндеттері

- Білім беру ұйымы білім алушыларының жас ерекшелігі мен психологиялық ерекшелігін, мүдделерін және қажеттілігін зерделейді және тұрғылықты жері бойынша оларды
- асыру үшін жағдай жасайды.
- Жеке тұлғаның талантын, ойлау және дене даму ерекшеліктерін дамытуға, жалпы мәдениетін қалыптастыруға ықпал етеді.
- Клубтардың, үйірмелердің, секциялардың, әуесқой бірлестіктердің жұмыстарын, балалар мен ересектердің әртүрлі бірлескен қызметтерін ұйымдастырады.
- Мына бағыттардың біріне жетекшілік етеді: ғылыми-техникалық, көркемдік-шығармашылық, спорттық-туристік және тағы да басқа.
- Қолданыстағы заңнамаға сәйкес қауымдастықтарға, қоғамдық ұйымдарға қатысу үшін баланың құқықтарын іске асыруға ықпал етеді.
- Кештерді, мерекелерді, саяхаттарды, экскурсияларды, балалардың каникулдық демалысын ұйымдастырады, білім алушылардың бос уақыт, демалыс, ойын-сауық саласындағы маңызды әлеуметтік маңызды бастамаларын қолдайды.
- Балалардың мәдени-бұқаралық іс-шараларға қатысуын ұйымдастырады.
- Іс-шараларды өткізу кезінде балалардың өмірі мен денсаулығын сақтау үшін қажетті жағдай жасауды қамтамасыз етеді.
- Оқушылардың ғылыми жұмысы жоспарлайды, жұмыстарын жинақтайды.
- Балалардың мәдени-бұқаралық іс-шараларға қатысуын ұйымдастыру жоспары жасайды.
- Мектеп оқушыларының формасын күнде қадағалап, жүзеге асырылуына ат салысып тәрбие орынбасарымен бірге басшылыққа алады.
- ғылыми-техникалық, көркемдік-шығармашылық, спорттық-туристік жұмыстарын ұйымдастырады.
- Мектепшілік мерекелік үлкен іс-шараларды өткізуді ұйымдастырады, жоспарлайды, жүзеге асырады.
- Аға жетекшілер, ұзартылған күн тобының тәрбиешілері (ҰКТ), сынып жетекшілері, педагог психологтар, әлеуметтік педагогтер және дене тәрбиесі-сауықтыру және көркемдік-эстетикалық циклдің қосымша білім беру педагогтері қызметін жоспарлайды және бақылайды.
- Республикалық, облыстық, аудандық семинарлардың өтілу жоспарларын жасайды, ұйымдастырады.
- Әр апта сайын атқарылған жұмыстар туралы директорға баяндайды, атқарылған жұмыстар бойынша анықтама, мәлімет және ұсыныстар жасайды.
- Мектепте жауапты кезекшілік жасайды сейсенбі күні кезекшілік жасайды.
- Номенклатуралық құжаттарын жинақтап, реттейді.

Біліктілікке қойылатын талаптар:

- жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі педагогикалық білім немесе педагогикалық қайта даярлауды растайтын құжат, педагогикалық жұмыс өтілі кемінде 3 жыл және (немесе) білім беру ұйымының "үшінші біліктілік санатты басшысының орынбасары" немесе "екінші біліктілік санатты басшысының орынбасары" немесе "бірінші біліктілік санатты басшысының орынбасары" біліктілік санатының болуы не "педагог – сарапшы" біліктілігінің болуы немесе "педагог – зерттеуші" немесе "педагог - шебер" біліктілігінің болуы.

- педагогтің бірінші немесе жоғары біліктілік санатының, педагог – сарапшының немесе педагог – зерттеушінің немесе педагог – шебердің біліктілік санатының болуы.